ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 5 наурыз №5165-25-00-2/403 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья М.И. Оңласов,
сот отырысының хатшысы Б. Байзақтың отыруында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы «Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Даниял» Тұрсынкүл Забиуллақызы Жаппар

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы «Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - талап қоюшы) мен дара кәсіпкер «Даниял» Тұрсынкүл Забиуллақызы Жаппар (бұдан әрі - жауапкер) арасында 2025 жылғы 15 қаңтарда жалпы сомасы 4 680 000 теңгені құрайтын көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №03 шарт (бұдан әрі - Шарт) түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер қалдық төгілетін шұңқырлар/дәретханалар/септиктіердің қалдықтарын төгу/тазарту бойынша қызметтерді жыл бойына орындауға тиіс болған.

Шарттың әрекет ету мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Талап қоюшы сотқа жауапкер дара кәсіпкер «Даниял» Тұрсынкүл Забиуллақызы Жаппарды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И., 05.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 15.05.2025, судья Рысқұлбеков К. О., 20.05.2025

қоюын берген. Талапты жауапкер Шарттың талаптарымен көзделген міндеттемесін орындаудан бас тартқанымен негіздеген.

Жауапкер талап қоюға берген қарсы пікірінде техникалық ерекшеліктердің мазмұнында сәйкессіздіктер барын, мемлекеттік сатып алу шартының әділ емес екенін, себебі шарт өнім берушіге ауыр шарттар жүктейтінін көрсеткен.

Талап қоюшының өкілі мен жауапкер сотқа келмеді, өздерінің келмей қалуларының дәлелді себептерін хабарламады және істі өздерінің қатысуларынсыз қарауды сұрамады, сондай-ақ сотқа онлайн форматта қатысу үшін талап-тілек бермеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 196-бабының талабына сәйкес сот істі тараптардың қатысуларынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі -АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі:

1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің;

2) жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің;

3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің;

4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 8-бабының 5-тармағына сай Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Сотта анықталғандай, тараптар арасында 2025 жылғы 15 қаңтарда жалпы сомасы 4 680 000 теңгені құрайтын Шарт түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер қалдық төгілетін шұңқырлар/дәретханалар/септиктіердің қалдықтарын төгу/тазарту бойынша қызметтерді жыл бойына орындауға тиіс болған.

Шарттың әрекет ету мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Алайда, жауапкер Шарттағы өз міндеттемесін 2025 жылғы 24 қаңтарда орындаудан бас тартқан.

Құжатқа қол қойылған: Онласов М.И., 05.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 15.05.2025, судья Рысқұлбеков К. О., 20.05.2025

Істің мұндай тұрғысында сот, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарттың талаптарын орындамағанын негізге алып, әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға жатады деген қорытындыға келеді.

Жауапкердің техникалық ерекшеліктердің мазмұнында сәйкессіздіктер бар, мемлекеттік сатып алу шарты әділ емес, себебі шарт өнім берушіге ауыр шарттар жүктейді деген уәжін сот негізсіз деп санайды.

Себебі жауапкер шартқа ерікті түрде тұрған және мемлекеттік сатып алу барысында техникалық ерекшеліктің мазмұнын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушымен талқыламаған.

АПК-нің 117-бабының талаптарына сай жауапкерден баж мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы «Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «Даниял» Тұрсынкүл Забиуллақызы Жаппар мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «Даниял» Тұрсынкүл Забиуллақызы Жаппардан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы тарап шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **М.И. Оңласов**

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И., 05.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.05.2025, судья Рысқұлбеков К. О., 20.05.2025